

QarMTU | KarGTU



1953

# Тақырып: Қоғамның әлеуметтік құрылымы және стратификациясы

Пән: Әлеуметтік-саясаттану білім модулі  
Барлық мамандықтардың студенттеріне арналған

Лектор: аға оқытушы Садвакасова Р.М

Қарағанды 2020

# Дәріс жоспары

1

Қоғам ұғымы және оның жіктелуі.

2

Қоғамның типологиясы мен әлеуметтік құрылымы.

3

Әлеуметтік өзгерістер

4

Әлеуметтік теңсіздік

5

Әлеуметтік стратификация

# 1. Қоғам ұғымы және оның жіктелуі.

Қоғам ұғымы - әлеуметтік ағымдардағы негізгі мәселе. Ол – көп қырлы құбылыс. Елдің әлеуметтік құрылысын сипаттайтын ұғым. Оның құрамдас элементтері: адам, әлеуметтік байланыстар мен қатынастар, әлеуметтік институттар мен ұйымдар, әлеуметтік топтар мен қауымдастықтар, әлеуметтік нормалар мен әдет-ғұрыптар және т. б. Қоғамдық өмірдің негізгі сфералары – экономикалық, әлеуметтік, саяси және рухани. Қоғамдық өмірдің әлеуметтік сфераның сипаты.

1.«Қоғам» деген ұғым әлеуметтану ғылымының басты категориясы болып табылады. Күнделікті өмірде бұл ұғым кең түрде және әртүрлі мағынада қолданылады. Мәселен, 1) таңдаулы адамдардың қоғамы; 2)театр өнерін сүюшілер қоғамы; 3)Ресей немесе Қазақстан қоғамы; 4) адамзат қоғамы, т.б. мағынада қолдану бар. Әлеуметтану ғылымы осы аталғандардың ішіндегі үшінші топтағы «қоғам» ұғымын зерттейді.

Көп уақытқа дейін «мемлекет» және «қоғам» ұғымдарын мазмұны және терминологиялық жағынан айырып көрсету болмады. Бұл ұғымдардың мазмұнын айыруда алғаш қадам жасаған итальяндық ғалым Н. Макиавелли болды. Ол мемлекет ұғымын «қоғам» ұғымынан айырып қарау үшін «stato» деген арнайы термин енгізді.

Аталған ұғымдардың айырмашылығын немістің ұлы философы Гегель теориялық жағынан негіздеп, дәлелдеді.

«Мемлекет», «қоғам», «ел» деген ұғымдарды синоним ретінде түсіну әлі де кездеседі. Әрине, бұл атаулардың арасында жақындық болғанымен, оларда айырмашылық бар. Егер біз оларға жеке тоқталсақ, қоғам-бір-бірімен өзара байланыста, қарым-қатынаста болатын адамдардың үлкен қоғамдасуы; мемлекет-сол қоғамды басқаратын билік органы; ел- әлгі аталған қоғам қалыптасып, мекендейтін белгілі бір территория.

Ғылыми әдебиеттерде «қоғамның» мәнін түсіндіруге бағытталған анықтамалардың саны 150-ден астам. Әрине, олардың бәрі бірдей «қоғам» деген ұғымның мәні мен мазмұнын толық аша алмағанымен, бұл анықтамаларда ортақ сипатты белгілер бар. Мәселен, әлеуметтанудың негізін қалаушы француз ғалымы **Огюст Конт** қоғамды белгілі бір қызмет атқаратын, ынтымақтастық пен қоғамдық еңбек бөлінісіне негізделген жүйе деп тұжырымдай келе қоғамның негізін отбасы, таптар және мемлекет құрайды деген анықтама береді.

Француз әлеуметтанушысы **Эмиль Дюркгейм** қоғамды коллективтік санаға негізделген, жеке индивидке қарағанда жоғары, бастапқылық сипаты бар рухани нақтылық деп түсіндіреді. Яғни, қоғамның тұтастығының негізі-коллективтік, жалпыға тән сана деген тұжырымды айтады.

Көрнекті неміс ғылымы **М.Вебер**: «Қоғам - адамдардың бір-біріне ықпал, әсер етуінен туындайтын әлеуметтік байланыстардың жиынтығы» дейді.

Американдық әлеуметтанушы **Парсонстың** пікірінше, қоғам- адамдар арасындағы қарым-қатынастардың жүйесі, ал, ол қарым-қатынастардың–негізі ережелер (нормалар) мен құндылықтар болып табылады деген.

Ал, **К. Маркс** қоғамды адамдардың бірлесіп қызмет етулерінің нәтижесінде пайда болып, тарихи дамып отыратын қатынастардың жиынтығы ретінде түсіндіреді.

Бұл анықтамалардың бәріне тән ортақ сипатты белгі-қоғамды өзара тығыз байланыста болатын элементтердің тұтас жүйесі ретінде қарастыру тән. Бұл-қоғам өміріне жүйелік тұрғыдан қарау деп аталады.

**Қоғамның типологиясы.** Марксистік дәстүр бойынша қоғам типтері өндіріс амалдары бойынша анықталады, осыған сәйкес қоғамның феодалдық, капиталистік, социалистік және коммунистік типтері болады. Қоғамдарды классификациялау ондағы басым дін немесе тіл түріне қарай да анықталуы мүмкін. **Дж. Мен Г. Ленски** қоғамды тіршілік ету амалдарының сипатына қарай классификациялады:

1

Аңшылық және жинап-терумен тіршілік етуші қоғам.

2

**Бау-бақшалық қоғам.**  
Ең алғаш таяу Шығыста пайда болып соңынан Қытай мен Еуропаға тараған

3

**Аграрлы қоғам.**  
Ең алғаш Ежелгі Египетте пайда болды.

4

**Өндірісті қоғам.**  
XVIII ғасырда Ұлыбританияда басталған индустриализацияның ықпалымен пайда болды.

**Қоғамдардың жіктелуі.** Адамзат қоғамының пайда болуы дамуы ұзақ та күрделі процесс. Ғалымдардың пікірінше алғашқы қоғамдар 50-40 мың жылдар бұрын пайда болған. **Алғашқы қауымдар адамдардың қандық-туыстық белгілері бойынша** бірігулерінің негізінде пайда болған. Бұл – құрылым жағынан бір тектес, яғни адамдар арасында әлі тапқа бөліну болала қоймаған қоғам. Бұл «**алғашқы қауымдық қарапайымдық қоғам**». Адамдар мал шаруашылығы мен егіншілікке, одан көшпенділік пен отырықшылыққа жетті. Нәтижесінде қоғамда артық өнімдер пайда болып, қоғам мүшелерінің арасында мүлік теңсіздігі пайда болды. Бұл қоғамда бір-біріне қарама-қарсы таптардың пайда болуына алып келді. Қоғамның даму барысы мен құрылымындағы өзгерістерге байланысты қоғамды басқарудың қажеттілігі, яғни мемлекетке деген қажеттілік пайда болды.

Ғылыми әдебиеттерде қоғамды жіктеудің түрлі өлшемдері кездеседі. Мысалы, жазбаға дейінгі және жазбасы бар қоғам, демократиялық даму дәрежесіне қарай ашық және жабық қоғам, діни ұстанымдардың түрлеріне байланысты исламдық, православиялық, католиктік т.б. қоғамдар деп бөледі. **Марксизм қоғам дамуын 5 тарихи сатыға бөледі: алғашқы қауымдық қоғам, құл иеленуші қоғам, феодалдық қоғам, капиталистік қоғам, коммунистік қоғам.** Ғалымдар капитализмнің өзін: *бастапқы капитализм, бюрократиялық капитализм, олигархиялық капитализм, демократиялық капитализм* деп жіктейді. ХХ-ы ғасырдың ортасында америкалық ғалымдары **Даниел Бел, Уолд Ростоу, француз ғалымы Раймон Арон** ұсынған қоғам дамуының «үш сатысы» туралы теорияға сәйкес, қоғамдар даму дәрежесіне қарай үш түрлі типке жіктеледі: **1) индустриалдық сатыға дейінгі қоғамдар**, оларды аграрлы немесе дәстүрлі қоғамдар деп атайды. **2) индустриалдық қоғам, 3) постиндустриалдық қоғамдар.** Индустриалдық қоғам кезеңінде әлеуметтік институттар пайда болды. Қоғамның дамуы ғылыми-техникалық прогресс пен еркін кәсіпкерлікке, бәсекелестікке сүйенеді. Постиндустриалдық қоғамның қалыптасуы ХХ ғасырдың соңғы ширегінен басталды. Мұны З.Бжежинский «технотрондық қоғам», Элвин Тофлер «үшінші толқын», И.Масуда «Ақпараттық қоғам» деп атайды. Мұндай қоғам экономикасының негізгі саласы – халыққа қызмет көрсету. Бүгін әлем елдерінің тек аз бөлігі ғана мұндай қоғамға қол жеткізді.

Қоғамға жүйелік тұрғыдан қараудың негізгі принциптеріне көшпес бұрын, алдымен жүйе (система) дегенге анықтама беру керек. Жүйе-өзара байланыста болып, белгілі бір тәртіпке келтірілген элементтерден тұратын, өздігінен дамиды және өзін өзі реттеп отыратын күрделі тұтастық. Қоғам- бір-бірімен байланысты, ықпалдас әлеуметтік құбылыстар мен процестер жиынтығынан тұратын әлеуметтік әлеуметтік жүйе. Сондықтан қоғам – күрделі құрылымды, өздігінен дамып отыратын әлеуметтік жүйе.

**Қоғамның құрамдас бөліктеріне** *индивидтер, әлеуметтік институттар мен ұйымдар, топтар мен қауымдар, байланыстар мен әрекеттер, нормалар мен құндылықтар, өзара қарым-қатынастар*, т.б. жатады. Ал, **әлеуметтік жүйе** деп, негізгі элементтері адамдар арасындағы өзара байланыстар мен қарым-қатынастардан, өзара ықпалдасудан тұратын күрделі тұтастықты айтамыз. Әлеуметтік жүйе адамдар қауымынан (әлеуметтік топтардан, әлеуметтік ұйымдардан, т.б.) тұрады. Ал адамдар қауымы қоғамда алатын орнына, әлеуметтік позициясына, атқаратын нақтылы әлеуметтік қызметіне, әлеуметтік жүйеде қабылданған әлеуметтік нормалар мен құндылықтарына т.б. орай іс тіртібі қалыптасқан адамдардан тұрады.

Әлеуметтік жүйеге түрлі мұраттар кіреді (наным-сенім, елес түсініктер).

**Әлеуметтік құрылымның** түрлеріне: наным, сенім, елесті біріктіретін идеалды құрылым; құндылықтар, нормалар, жоспарланған әлеуметтік ролдеренетін нормативтік құрылым; позиция мен мәртебелердің өзара байланыстары мен жүйенің қайталану сипатын білдіретін ұйымдық құрылым; дәл сол кезде онымен бірге қосарланып өмір сүріп жатқан элементтерден тұратын кездейсоқ қосылған қорлар, т.б. жатады.

Жекелеген адамдар және адам топтарының арасында болатын байланыстар, қарым-қатынастар және өзара ықпалдасу тұрақты сипатта болады және тарихи дамып, бір ұрпақтан екінші бір ұрпаққа ауысып отырады.

**Әлеуметтік байланыстар** - фактілердің жиынтығы. Ол белгілі бір адамдар немесе адамдар тобының арасында нақты бір уақытта бірлесе қызмет ету нәтижесінде пайда болады. Ол байланыстар объективтік қажеттіліктен туындайды және белгілі мақсатты көздейді. Әлеуметтік байланыстардың мәні адамдардың әлеуметтік әрекеттерінің мазмұнынан, сипатынан, яғни әлеуметтік факторлардан көрінеді.

## **Әлеуметтік байланыстар 5 түрлі сипатта болуы мүмкін:**

*біріншіден*, әрқайсысы өзіндік қасиеттермен ерекшеленетін адамдардың өзара ықпалдастығы;

*екіншіден*, әлеуметтік қарым-қатынастардың қалыптасуын, әлеуметтік топтардың құрылуын туғызатын әлеуметтік ықпалдастық;

*үшіншіден*, негізінен қала, ауыл, ұжым т.б., арасында болатын топтық ықпалдастық;

*төртіншіден*, қоғамдағы әлеуметтік орнына орай жасайтын әс-әрекеттері, атқаратын ролі әлеуметтік жүйеде көрініс табатын әлеуметтік иерархия;

*бесіншіден*, әлеуметтік жүйенің құрамдас бөліктері қызметінің сипаты мен мазмұнын айқындайтын нормалар мен құндылықтардың жиынтығы түрінде болады.

**Әлеуметтік өзара әрекет**-бұл да жеке адамдар мен адам топтарының бір-біріне әсер немесе ықпал етулерінің нәтижесінде пайда болатын процестер. Күнделікті өмірде адамдар өздерінің іс-әрекеттері арқылы басқаларға әсер етеді. Соның нәтижесінде шағын топтарда немесе тұтас қоғамда өзгерістер болып отырады.

**Әлеуметтік қарым-қатынастар**—адамдар және топтар арасындағы болатын салыстырмалы түрдегі біршама тұрақты байланыстар. Кез келген адам өз өмірінде сан қилы қатынастарға түседі. Мәселен, өзінің отбасымен, туған-туысқандарымен – туыстық қарым-қатынаста болса, құрбыларымен,-достық, жолдастық қатынаста; өндірісте-еңбек қатынасында; билік орындарымен – саяси қатынас орнатады.



## 2. Қоғамның типологиясы мен әлеуметтік құрылымы.

Қоғамды және қоғамдық құрылымды функционализм тұрғысынан қарастыруды ең алғаш болып XIX ғ. **Герберт Спенсер** бастады. Спенсер **функционализмнің** негізін салды. Ол қоғамды тірі организммен салыстырды. Біздің организмімізде әрбір орган өмір үшін өзіндік ерекше қызмет атқарады. Бірақ бұл органдар бір-бірімен байланысты болғандықтан, олар өзара тәуелді жүйені құрайды. Егер олардың біреуі қызмет істеуден қалса, онда бүкіл организм істен шығады. Функционалистер қоғамды бірқатар өрістерден тұратын организм ретінде қарастырады. Қоғамның осындай әрбір өрісі өз қызметін атқарады, ал олардың қызметтерінің айырмашылығы неғұрлым көп болғансайын олардың тіршілік етуі қиындай түседі. Герберт Спенсердің теориясын Э.Дюркгейм жалғастырып жетілдірді - қоғамдағы нормадан ауытқулар мәселелеріне баса көңіл қойды; мұндай ауытқулар позитивті роль атқарады, себебі олар негативті қылмысты әрекеттерге тиым салынатын жаңа заңдар мен тәртіптерді жасауға мәжбүрлеп отырады.

**Функционализмді** қолдаушылар қоғамды әр түрлі сфералардан тұратын организм ретінде қарастырады. Қазір функционалистер Герберт Спенсердің, Э.Дюркгеймнің жолын жалғастыруда. Олардың негізгі баптары қоғамның өрістерін анықтау, олардың жағымды жағымсыз қызметтерін айқындау. Келесі **5 пункт** қазіргі замандық функционализмнің теориялық шеңберін құрайды: 1.**Қоғам**- бір тұтастыққа біріктірілген бөлшектер жүйесі. 2. Қоғамдық жүйелер тұрақтылықты сақтайды, себебі олардың ішінде құқық қорғау органдары мен сот жүйесі сияқты ішкі бақылау механизімі болады. 3.**Дисфункция** болады, бірақ олар өздігінен реттеледі немесе қоғамға тамыр жаяды. 4.Өзгерістер революциялық емес, олар біртіндеген сипатта болады. 5. Әлеуметтік ынтымақтасу немесе сезіну, басым көпшілік азаматтардың бір құндылықтар жүйесін ұстануға келісу негәзінде қалыптасады. Мысалы, тең мүмкіншіліктер принципі, қоғамдық жүйенің ең маңызды «фундаменті».

Сонымен, қоғамның тұтастығын осы жоғарыда айтылған әлеуметтік мәні бар байланыстар, қарым-қатынастар және адамдардың өзара әсерлесуі қамтамасыз етеді. Бұлар жеке тұлғалардан жоғары тұрады. Өйткені қоғамның әрбір адамға қарағанда бастапқылық сипаты бар. Адам өз өмірін бастағанда әлгі айтылған әлеуметтік қарым-қатынастар мен байланыстарға тап болады. Өзінің әлеуметтенуінің барысында адам оларға араласады.

Әлеуметтік жүйедегі элементтердің (адамдардың) орналасуында белгілі бір тәртіп болады. Басқаша айтқанда, әлеуметтік жүйе, элементтердің **координациясы мен субординациясынан** тұрады. **Координация** - жүйенің тұтастығын қамтамасыз ететін элементтер арасындағы белгілі бір келісім. Яғни, қоғам мүшелері бір-бірімен өзара келісімде өмір сүрулер қажет.

**Субординация** - тұтас жүйедегі элементтердің тең емес, әркелкі маңызынан туындайтын билеу және тәуелді болу қатынастары. Бұл-қоғамда **иерархия** бар деген сөз. Ал, қоғамның қалыптасып, дамуында биліктің маңызды орын алатындығы баршамызға мәлім.

Әлеуметтануда қоғамға жүйе тұрғысынан қарау **детерменистік** көзқараспен толықтырылады. Бұл теория марксизмде айқын көрініс тапқан. Маркстік ілім бойынша, қоғамның өзі экономикалық, саяси, әлеуметтік және идеологиялық деген жүйелерге жіктеледі. Олардың арақатынасы себеп-салдарлық байланысқа негізделген. Яғни, әр жүйе өз алдына жеке- дара емес, керісінше, басқаларымен өзара тығыз байланыста болады. Марксизм бұл жүйелердің ішінде экономикалық жүйеге басты орын береді. Өйткені экономикалық жүйенің негізінде материалдық игіліктер өндірісі қоғам мүшелерін өмір сүруге қажетті алғышарттармен қамтамасыз етеді. Бұл аталған жүйе қоғамның негізі болып саналады және әлеуметтік, саяси, идеологиялық салалар мен өзара тығыз байланысты болады.

**Қоғамның әлеуметтік құрылымы.** Қоғам дегеніміз әлеуметтік құбылыстардың біртұтас жиынтығы. Ал әлеуметтік құбылыстар деп адамдардың мінез-құлқы мен іс-әрекеттерінің табиғат пен қоғамда тудыратын өзгеріс, қозғалыстарды айтамыз. Әлеуметтік құрылым дегеніміз қоғамның ішкі құрамы, оның элементтерінің жиынтығы мен олардың арасындағы сан алуан байланыстар. Әлеуметтік құрылымның басты элементтері: а) өзара тығыз байланыста, қарым-қатынаста болатын индивидтер немесе адамдар жатады; б) қоғам мүшелерінің бірігуі, топтасу негізінде пайда болып, дамып отыратын әлеуметтік қоғамдастар және в) сол қоғамда қалыптасқан, белгілі бір функцияларды атқаратын әлеуметтік институттар жатады.

Қоғамның әлеуметтік құрылымы жайлы ұғым қазіргі заманғы батыс социологиясында түрліше түсіндірілгенімен, бірақ олардың бәріне ортақ жалпы белгі бар: **батыстың социологиялық теорияларының** әрқайсысы өздігінше қоғамдық құбылыстарды екі салаға: *экономикалық құбылыстар саласына және экономикалық емес құбылыстар саласына бөлінуі* тиіс деп санайды. Ал **марксистік социология** болса қоғам өмірін екі негізгі салаға бөледі: **қоғамдық базиске (экономикалық құрылымға) және қоғамдық қондырмаға.** Қоғамдық қондырма саяси және заңдық қондырмаларға, қоғамдық сананың формаларына жіктеледі. **Қоғамдық базисті өндіргіш күштер** мен **өндірістік қатынастар** бірлігі құрайды. Осы екуінің бірлігі өндіріс тәсілі болып табылады. Өндіріс тәсілінің элементтері: еңбек, еңбек құралы және еңбек заты.

*Қондырманың құрамын екі салаға: әлеуметтік-саяси қондырма мен қоғамдық сананы формаларына бөлуге болады. Әлеуметтік-саяси қондырмаға қоғамдық өмірдің түрлі формалары: ру, тайпағ ұлт, мемлекет т.б. және қоғамдық ережелер мен нормалар жатады. Қоғамдық сана қоғамдық болмыстың бейнесі ретінде бірнеше формада көрінеді: саяси, құқықтық, философиялық, діни, моральдық, эстетикалық және ғылыми саналар формасында бейнеленеді. Қоғамдық сананың формалары өзара бір-біріне әсер етеді және қоғамдық болмысқа кері әсер ете алады. Базистің қондырмаға тигізетін әсері шешуші роль атқарады. Өндірістік қатынастардың сипатына қарай қондырма таптық немесе тапсыз болуы мүмкін. Саяси және экономикалық жағынан үстем тап мәдени өмір саласында да үстем болады, себебі материалдық өндіріс құралдары мен рухани өндіріс құралдары да солардың қолында болады.*

Адамдардың өмірі біртұтас қоғам көлемінде ғана емес, сондай ақ айтарлықтай кіші әлеуметтік топтардың ішіндегі қоғамдық қатынастарда да жүріп жатады. Сондықтан социологтар «әлеуметтік топ» деген ұғымды анықтап, оның классификациясын жасауға, ол топтардың қоғам құрылысындағы орнын анықтауға тырысады.

«Әлеуметтік топ» ұғымы жайлы туралы бініңғай пікір жоқ, сондықтан оның анықтамасы да көп. Солардың ішінде, жиі кездесетіні келесідей. **Әлеуметтік топ** дегеніміз адамдардың белгілі бір қажетін қанағаттандыру мақсатында өзара қарым-қатынас орната отырып, түрлі іс-әрекеттерді жүзеге асыратын көптеген адамдардың үлкенді кішілі жиынтығы. Мұндай топ айтарлықтай тұрақты болады.

Бүгінгі ғылымда әлеуметтік топтар ірі, орташа, және кіші деп **үшке** бөлінеді. **Ірі** (глобалдық) әлеуметтік топтарға жататындар: тұтас қоғам (ел) көлеміндегі адамдар жиынтығы (алғашқы адамдар тобыры, ру, тайпа, халық, ұлт сияқты этнографиялық топтар), таптар, әлеуметтік-экономикалық формациялар, кәсіптік топтар, жасына қарай топтасу т.б.

**Орташа топқа** бір кәсіпорында және бір территорияда жұмыс істейтін адамдардың өндірістік жиынын (бір селоның, бір ауданның, қаланың тұрғындарын) жатқызады. Территориялық жиынтық өзбетінше болатын топтасу. Өндірістік бірлестіктер белгілі бір мақсатқа жету үшін құрылады және өзінің құрамы мен қатынастарын иерархиялық өкмет билігінің құрылысымен, шешімдер және заңдар қабылдау жолымен реттеп отырады.

Сондай-ақ толып жатқан **ұсақ топтар** болады – отбасы, бастауыш өндірістік ұйымдар, мектеп сыныптары, курс, т.б. Ұсақ топтардың ерекшелігі – олардың мүшелері бір-бірімен тікелей байланыста болады. Ұсақ топтар мақсатты (формальды) және әлеуметтік-психологиялық (формальды емес) болып бөлінеді.

**Әлеуметтік қоғамдастықтар** деп, белгілі бір ортақ белгілері бар, яғни мүдделері, құндылық бағдарлары, атқаратын қызмет, іс-әрекеттері ұқсас адамдар тобын айтамыз.

Қоғамның пайда болуы жайлы қалыптасқан теориялар: ғылыми және ғылыми емес, соған сәйкес: инструменталдық қағида (концепция), жыныстық, гендерлік, кратикалық (кратическая – жалпы теория жүйесіне сүйене отырып, қоғамның пайда болуын басқарушы-билеуші топпен қатыстырады), семантикалық қағида (коммуникативтік тәсіл шешуші рөл атқарады). Қазіргі кездегі қоғамға қатысты әлеуметтанулық теориялар: постиндустриалдық, жаһандық (глобальное) қоғам теориясы, коммуникативтік қоғам қағидасы және т.б.

# Әлеуметтік құрылымның басты элементтері

**1.өзара тығыз байланыста, қарым-қатынаста болатын индивидтер немесе адамдар**

**2.қоғам мүшелерінің бірігуі, топтасуы негізінде пайда болып, дамып отыратын әлеуметтік қоғамдастықтар**

**3.қоғамда қалыптасқан, белгілі бір функцияларды атқаратын әлеуметтік институттар**

# 3 Әлеуметтік өзгерістер

**Қоғам** – барлық уақыттарда елеулі өзгерістерге ұшырап, белгілі бір бағытта дамып отырады, ұдайы ішкі және сырқы күштердің әсерінен болатын әлеуметтік организм. Әлеуметтік өзгерістер дегеніміз қоғамның белгілі бір күйден екінші күйге ауысуы. Ол әлеуметтік институттар, әлеуметтік ұйымдар, әлеуметтік қауымдар сияқты қоғамның жекеленген салаларын қамтуы мүмкін. Өзгеріс типтері әртүрлі және олар қоғамның қандай қырлары өзгеріп жатқандығына қарай ажыратылады. Себебі әлеуметтік жүйенің өзі бірқалыпты емес, ол көптеген құрамдас бөліктердің жинақталған **жалпы нәтижелерінен** тұрады. Олардың ішінде:

- 1) ақырғы нысандар.
- 2) нысандардың өзара байланыстары.
- 3) біртұтас жүйе ретіндегі нысандар қызметі.
- 4) шекаралар
- 5) жүйе салалары
- 6) қоршаған орта

Бастапқыда алғашқы болып көрінген құрамдас бөліктер мен өлшемдер, әлеуметтік жүйе моделі түрлері өзгерістерге ұшырауда. Бұл **өзгерістер** төмендегідей болып келуі мүмкін:

- құрамдық
- құрылымдық
- қызметтік
- шекаралық
- әлеуметтік
- қоршаған орталық

Кейде өзгерістер оқшау сипатта болып, жүйенің басқа буындарына елеулі ықпал етпейді. Жүйе белгілі бір бөлігінде өтіп жатқан процестерге қарамастан, ауқымды өзгерістерге ұшырамай, тұтастығын сақтап қалады. Ал басқа жағдайларда өзгеріс жүйенің құрамдас бөліктерінің барлығын қамтып, оны түбірінен қайта құрады. Бұған ілеуметтік төңкеріс мысал бола алады. Радикалдық трансформацияның бұл типін жүйенің тұтас өзгеруі десе де болады. Социология ғылымында әлеуметтік өзгерістер эволюциялық және революциялық, прогресшіл және регресшіл, имитациялық және инновациялық түрлерге бөлінеді. Эволюциялық ілеуметтік өзгерістер – бұл біртіндеп жүзеге асатын бірқалыпты сандық өзгерістер. Әдетте мұндай өзгерістер өзінің даму процесінде төрт кезеңнен өтеді: мазасыздық кезеңі, көтерілу кезеңі, пішімдеу кезеңі және институттану кезеңі.



## 4. Әлеуметтік теңсіздік

Қоғамдағы адамдардың арасында теңсіздік болады. Соған байланысты олардың әлеуметтік жүйедегі алатын орындары да әртүрлі болады. Жекеленген индивидтер мен топтар арасында әлеуметтік жіктелу бар. Олар бірқатар өлшемдер арқылы жіктеледі. Мысалы, *табыстарының көлемі, білімдерінің деңгейі, мамандықтағы мәртебесі, билікке қатынасы және т.б.* Қоғам мүшелерінің арасындағы әлеуметтік теңсіздіктің табиғатын, себептерін, оның заңды құбылыс ретіндегі мәнін түсінуде әлеуметтік стратификация теориясының маңызы зор. «**Страта**» деген сөз геологияда жердің қабаттарын анықтауда қолданылады. Ал қоғамға байланысты біз «**жік**» деген сөзді қолданамыз. Адамзат тарихынан қоғамның әр даму сатысына тән түрлі страталардың болғанын білеміз. Қоғамдағы адамдарды страталарға бөлудің тарихи үш түрі болады: *касталар, сословиелер, таптар*. Осы жіктеудің үш түріне байланысты стратификациялық жүйе *ашық және жабық* жүйелерге бөлінеді. Қоғам мүшелерінің статустарымен әлеуметтік жағдайларын өзгертулеріне мүмкіндік бар әлеуметтік құрылым *ашық* стратификациялық жүйе деп аталады. *Жабық жүйеге* Үндістан қоғамында орын алған касталық жүйені жатқызамыз. «*Каста*» деген сөз латын тілінде «таза» деген мағына береді. Мұндай әлеуметтік статус ата-аналарынан балаларына беріліп отырады. Бұл қоғамда негізгі **4 каста бар**: 1) *брахмандар* (дін иелері, абыздар), 2) *кшатрилер* (әскери адамдар), 3) *вайшилер* (саудагерлер), 4) *шудралар* (шаруалар мен қолөнершілер), ал бесінші кастаны хариджандар, қоғамның ең төменгі сатысындағылар құрайды. Олар қоғыс жинау, тери илеу, шошқа бағумен айналысады. Касталық әлеуметтік жүйеде бір кастадан екіншісіне өтуге мүлде тиым салынған. Бұл өмір бойы берілген тағдыр.

**Сословиелік жүйелер** – феодалдық қоғамда орын алған стратификациялық жіктеу типі болады. Мұндай қоғамдағы адамдар *жогары және төменгі* сословиелерге бөлінген. Сословиелік статустар атадан балаға мұра ретінде беріліп отырған. *Жогары сословиеге дворяндар, дін иелері*, ал **төменгі сословиеге қолөнершілер, шаруалар көпестер** жатқан. Бұл жүйеде бір сословиеден екінші сословиеге өтуге біршама мүмкіндік болады.

«**Тап**» деген ұғым ғылыми айналымға Жаңа заманда енді. XVIII-XIX ғасырларда Батыс Еуропа ойшылдарының еңбектерінде бұл ұғымның мәні негізделіп, қоғамда таптардың бар екендігін мойындау болды. Бастапқы кезде таптар деген ұғымның саяси мазмұны басым болды. Тек кейіндер **К.Маркс** пен **М. Вебер** еңбектерінде қоғамдағы таптық жіктелудің *экономикалық себептері* мен астарларына терең көңіл қойылды. К.Маркс таптар туралы ілімді одан ары дамыта отырып, өзінің таптық күрес туралы теориясын жасап, стратификация теориясына өз үлесін қосты. Ол таптардың пайда болуының экономикалық себептерін ашып көрсетті. Ол бұл себептерге қоғамдық еңбек бөлінісі мен жеке меншіктің шыуын жатқызады. Сонымен қатар К.Маркс қоғамда *негізгі және негізгі емес* таптардың болатынын көрсетті. **Негізгі емес таптар** өткен дәуірден қалған немесе жаңадан қалыптасып кележатқан қоғамдық – *экономикалық формацияның таптары*. Сондай ақ ол негізгі емес таптардан басқа жіктердің болатынын көрсетті, ол таптың белгілерін толық сіңіре қоймаған аралық топтар. Мысалы алдыңғы қатарлы «*ақсүйек*» жұмысшылардың өзге жұмысшылардан артықшылығы бар, ал буржуазиядан айырмашылығы, олар меншік иесі емес.

Мысалы ол *интеллигенцияны* да әлеуметтік топқа жатқызады, себебі олардың бір тапқа ұқсас белгілері аз, және олар шығу жағынан әртүрлі таптардың өкілі болуы мүмкін. Сондықтан оның ілімін ұстанушылар интеллигенцияны: *буржуазиялық, ұсақ буржуазиялық, және пролетарлық* деп жіктеуді ұсынды. **К.Маркстің** таптар туралы ілімін ары қарай дамытқан **В.И.Ленин** болды, ол жұмысшы табын жоғары бағалады. Сонымен **маркістік ілімнің** тапты құрайтын басты белгілері келесідей: 1. Адамдар тобының өндіріс жүйесінде алатын орны; 2. олардың өндіріс құралдарына қатынастар; 3. еңбекті ұйымдастырудағы адамдар арасындағы қарым-қатынастар; 4. қоғамдық байлықтан алатын үлестің көлемі мен оны алудың әдісі; 5. қоғамдық өндірісте бір топтың басқа адамдардың еңбегін қанау.

М.Вебер де әлеуметтік стратификация теориясына өз үлесін қосты. Оның теориясында К.Маркстің теориясына ұқсас және өзгеше жақтары да бар. М.Вебер Маркстің қоғамның тапқа жіктелуінің объективтік экономикалық негіздері бар деген оймен келіседі. Бұл пікірді ол басқа да экономикалық факторлармен толықтырады. Біріншіден, М.Вебер, таптық айырмашылықтар тек меншіктің болу, болмауына ғана байланысты емес, сол сияқты адамдардың *жоғары білімінің болуына, мамандық түріне, кәсіби дәрежесі мен шеберліктеріне* байланысты дейді. Екіншіден, адамның статусын – *саяси партияға, яғни билікке қатынасы* деген стратаға жіктеудің өлшемдерін енгізді. М.Вебердің пікірінше, статус әлеуметтік топтар мен индивидтердің қоғамда алатын орны мен мәртебесіндегі айырмашылықты көрсетеді. Адамның белгілі бір тапқа жатуы объективтік факторға байланысты да, ал адамның статусы – *білім мен шеберлігінің дәрежесі, өмір салты* сияқты субъективтік факторлармен түсіндіріледі дейді.

М.Вебер қоғамдағы тапқа бөлінуге әсер ететін факторларды ескере отырып, **4 түрлі тапты атап көрсетеді.** Олар: 1) капитал иелерінің табы, 2) интеллектуалдар мен менеджерлерден, басқарушылардан тұратын тап, 3) дәстүрлі ұсақ буржуазия табы, 4) жұмысшы табы.

Сонымен М.Вебердің ұсынған әлеуметтік стратификация теориясында қоғамды стратаға бөлудің біршама кең өлшемдері берілген.

Қоғамның біртекті еместігі, оның әртүрлі әлеуметтік топтарға объективті бөлінуі **Питирим Сорокиннің** әлеуметтік стратификация және әлеуметтік жылжу туралы теориясында өз көрінісін тапты. Осы теорияға сәйкес барлық қоғам әр түрлі топтар-страттарға бөлінеді, олардың өзара *кіріс деңгейі, қызмет түрлері, саяси көзқарастары, мәдени бағдарлары* бойынша айырмашылығы болады. Ол бірнеше негізгі белгілерді ажыратты: *экономикалық (кедей-бай); кәсіби (беделді-беделсіз); саяси (іс-қимылының билік жасайтын-бағынышты).* Осы белгілер өзара *тік әрекет* жасайды. Сорокиннің пікірінше, стратификация негізінде *басқарушы және басқарылатындар* таптарына бөлінуді туғызатын түрлі функциялар жатыр; *қоршаған орта-қолайлы* немесе *қолайсыз; адамдардың ішкі қаблеттілігі мен сапасы* бірдей емес. Ғалым әлеуметтік стратификация қоғамның табиғи және қалыпты жағдайы деп санады. Ол объективті түрде *еңбектің қоғамдық бөлінісімен, мүлкілік теңсіздікпен, түрлі саяси бағдарламалармен* негізделген.

Адам кәсібін немесе қызмет түрін, өзінің экономикалық жағдайын немесе саяси көзқарасын өзгерте отырып, бір әлеуметтік топтан екіншісіне өтеді. Бұл процесс *әлеуметтік жылжу* деген атқа ие болды. Сорокин әлеуметтік жылжудың *көлденең және тік* болып бөлінетіні туралы айтады.

## 5. Әлеуметтік стратификация

**Көлденең жылжу** адамның тұтас алғанда әлеуметтік стратификацияның сол деңгейінде бола тұра бір әлеуметтік топтан екіншісіне өтуін білдіреді.

**Тік жылжу**-адамның бір әлеуметтік топтан екіншісіне иерархиялық тәртіппен, мысалы, қоғамның төменгі тобынан аса жоғары немесе керісінше- жоғары топтан төменге өтуі.

Атап айтқанда, адамдардың «кірістері айырмашылығында, өмір сүру деңгейінде, халықтың бай және кедей топтарының болуымен көрінетін» (Сорокин П. Цивилизация общество. М., 1992,302-бет) экономикалық теңсіздік тік жылжудың объективті жағы ретінде болады.

Жан басына шаққандағы ақшалай есептелген ұлттық табыс пен байлық негізінде әр түрлі әлеуметтік топтың экономикалық мәртебесін айқындау П.Сорокиннің «**Әлеуметтік қозғалмалылық**» жұмысында жазылған мынадай қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. **Біріншіден**, түрлі қоғамның тұрмыс жағдайы мен кірісі бір елден басқасына, бір топтан басқасына елеулі түрде ауысады. **Екіншіден**, бір қоғамның өзінде де тұрмыс жағдайы мен кірістің орташа деңгейі тұрақты емес, уақыт бойынша өзгеріп отырады. **Үшіншіден**, ұлттың, қоғамдастықтың, топтың тарихында баюдың және сол сияқты кедейленудің тұрақты үрдісі жоқ. Барлық белгілі жақсы үрдістер шектелген уақыт кезеңінде ғана белгіленген. Тарих «гүлдену жұмағы» немесе «кедеоойлік тозағы» бағынатын тұрақты үрдістердің болатыны туралы пайымдауға жеткілікті негіздер бере алмайды. Ұлттық кірісті бөлу, мысалы тұрақтылығы едәуір еуропа елдерінде тек маятникті тербелісті ғана білдіреді.

Әлеуметтік стратификация **көздері мен факторлары**: қоғамның әлеуметтік жіктерге бөлінуімен тығыз байланысты; әлеуметтік статус сияқты құбылыстың негізінде құрылады.

**Әлеуметтік статус** – белгілі бір құқықтар мен міндеттерге байланысты адам немесе топтың қоғамдағы алатын орны (жағдайы). Ол сандық және сапалық көрсеткіштерге сай болуы мүмкін: бедел, дәреже, артықшылықтар, табыс көлемі, марапаттар, шен, атақ т.б.

«**Теңсіздік**» және «**әділетсіздік**» ұғымдарын бір-бірінен ажырата білу қажет. Теңсіздікке ең алдымен әлеуметтің тікелей өзі себепші болған және ол қажетті құбылыс; екіншісі - әділетсіздік болса, бұл эгоистік мүдделердің көрінісі. Әділетсіздік - тұрақсыздық арқылы сипатталады. Ол қоғам үшін де, қабаттарға енген нақты адамдар мен топтар үшін де зиянды, өйткені әлеуметтік қатынастарды қалыптасқан нормалардың шегінен асырып жібереді, соның нәтижесінде бүкіл қоғам дүрлігеді. Сондықтан кез-келген әділетсіздікке қарсы күрестің өріс алып, күштің қолданылатыны табиғи нәрсе.


Қоғамның әлеуметтік құрылымының проблемалары адамзат өмірінің басты ерекшелігі және оның орталық проблемасы – теңсіздік проблемасына тікелей байланысты. Ғылыми әдебиеттерде қоғамның страталарға жіктелуінің басқа да өлшемдері кездеседі. Ғалымдардың көпшілігі стратификациялық құрылымның негізі адамдар арасында болатын табиғи және әлеуметтік теңсіздік екенін мойындайды. Теңсіздік адамдардың біреулерінің жоғары ал біреулерінің төмен орналасуына ықпал етеді. Табиғи теңсіздік адамдардың табиғи жаратылыстарына байланысты. Әлеуметтік теңсіздіктің пайда болуына еңбек бөлінісі, яғни адамдардың кәсіби мамандануы ықпал етеді. Қоғамда әлеуметтік теңсіздік иерархияға негізделген және ол адамдар мен топтардың вертикалды бағытта саты орналасуынан байқалады. Вертикалды бағыттағы жіктелудің себептерін Р.Дарендорф «билік» және «бедел» деген ұғымдардың негізінде түсіндіреді

**Страта** – стратификацияның төрт шкаласы бойынша бір-біріне ұқсас объективтік көрсеткіштері бар адамдардың әлеуметтік қабаты (жігі). Стратификация ұғымы әлеуметтануға геологиядан ауысқан. Геологияда страта түсінігі - тігінен әр түрлі топырақ жыныстарының орналасу қабатын білдіреді. Страта табысы, білімі, билігі және бет-беделі, мәртебесі бірдей адамдарды бір ортаға, өз төңірегіне біріктіреді.

### Сартификация ұғымына көзқарас:



## Б.Барбер әлеуметтік стратификацияның 6 өлшемін қарастырды:





# Қазіргі қоғамның универсалды стратификациясы



«Әлеуметтік мобильділік» - қоғамдағы жекелеген индивидтер мен адамдар тобының бір әлеуметтік жағдайдан екінші бір әлеуметтік жағдайға орын ауыстыруын айтамыз.

Вертикальды мобильділік – индивидтің бір стратадан екінші бір стратаға ауысуының нәтижесінде оның әлеуметтік жағдайының өзгеруі. Вертикалды мобильділік жоғары өрлеу және төмен құлдырау, яғни кері кеу бағытында болады.

Горизантальды мобильділікте – индивид бір әлеуметтік позициядан екіншісіне ауысады. Бұл ауысу тек көлденең сызық бойында болады да оның әлеуметтік жағдайына ешбір өзгеріс әкелмейді

## Тақырып бойынша бақылау сұрақтары:

1. Әлеуметтік құрылым түсінігі.
2. Қоғамның әлеуметтік стратификациясы ұғымы.
3. Әлеуметтік топ деген не және оларға жататындарды атаңыз.
4. Страта дегеніміз не?
5. Сартификация ұғымына көзқарастар
6. Қоғамды тіршілік ету амалдарының сипатына қарай классификациясы.
7. Б.Барбер бойынша әлеуметтік стратификацияның 6 өлшемін атаңыз.

## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Биекенов К.У., Биекенова С.К., Кенжакимова Г.А. Социология: учебное пособие. Алматы, 2016
2. Бринкерхоф Д., Уейте Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері. Алматы, Ұлттық аударма бюросы, 464 б., 2018
3. Ритцер Д., Степницки Д. Әлеуметтану теориясы. Алматы, Ұлттық аударма бюросы, 856 б., 2018
4. Добреньков В.И., Кравченко А.И. Социология. В 3-х томах. М., 2013.
5. Кравченко А.И. Социология: учебник для вузов. М., 2011.
6. Общая социология. Учебное пособие. Под ред.А.Г. Эфендиева. М., 2007

---

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ!

---